

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация – экономиканы мемлекеттік реттеудің құралы ретінде

Оспанбаев Ж.А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы. Қазақстан

Баршамызға белгілі, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен елімізде 7 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар(ӘКК) құрылып, өз жұмыстарын бастап кетті. Қазақстан жағдайында жаңа экономикалық құрылым болғандықтан ӘКК-ды экономиканы мемлекеттік реттеудің құралы ретінде зерттеуден бұрын, оның теориялық негіздерін анықтап алған жөн. Экономикалық әдебиеттердегі ӘКК-дың құрылу ерекшеліктері, мақсаты мен міндеттері және қызметтері жайлы түсінік-пікірлерді саралай келе, ӘКК-ға мынадай анықтама беруге болады: ***”Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар – бұл тауарлар мен қызметтерді өндіру мен сату арқылы пайда алу мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орнықты бизнес-құрылымдар”***. Бұл ретте алынған пайданың бір бөлігі ел мүддесі үшін ӘКК құрылған өңір халқының әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени мақсаттарын іске асыру үшін қайта инвестицияланады. Оның құрылтайшылары ҚР Үкіметі, жергілікті әкімшіліктер, және даму институттары, дәлірек айтсақ “Қазына”. Жарғылық қоры 2 млрд теңге шамасында. ӘКК-ды директорлар кеңесі мен президент тікелей басқарады, президент директорлар кеңесінің мүшесі, басшылыққа жауапты адам болып табылады. Директорлар кеңесі 7 адамнан құрылады, олардың 4-еуін Үкімет, 3-еуін жергілікті билік органдары ұсынып, мамандандырылған кеңес бекітеді. ӘКК-ң президентін Үкімет ұсынады. Олар негізінен 3 бағытта жұмыс жасайды:

1. Коммерциялық жобалар.
2. Табыссыз(нерентабельный) кәсіпорындарды қайта құрылымдау.
3. Инвестициялауды талап ететін әлеуметтік жобаларға қатысу.

ӘКК-ды құру төмендегідей мақсаттарды көздейді:

1. Экономиканы диверсификациялау жолымен аймақтардың қарқынды дамуын қамтамасыз ету.
2. Корпоративті басқарудың тиімді жүйесін құру.
3. Әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды шешу үшін кәсіпкерлердің бастамасы мен мемлекеттік активтерді үйлестіру.
4. Шығынды кәсіпорындарды жою және біріктіру арқылы тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізу.

Егер келтірілген мәліметтерге көз жүгіртер болсақ, бүгінде әрекет етуші 515 мемлекеттік кәсіпорынның 41 кәсіпорны 2005 жылды шығынмен аяқтаған, оның 22-сі ауыл шаруашылығы кәсіпорны, атап айтқанда, тәжірибелік шаруашылықтар, ауыл шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталықтары және су шаруашылығы жүйесіндегі қызмет көрсету кәсіпорындары. Мемлекеттің қатысу үлесі бар шығынды акционерлік

қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер саны 2004 жылдың қорытындысы бойынша 12 және осы жылдың қорытындысы бойынша 4255 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың 208-і пайдасыз, демек 5%.

ӘКК-нің міндеттері:



- экономикалық процестерге экономикалық субъектілердің ауқымды топтары мен инвестицияларды тарту;
- пайдалы ұзақ мерзімді негізде кәсіпорындардың тауарлары мен қызметтеріне сұраныс тудыру, өнімді ішкі және сыртқы нарықтарға жылжыту;
- тиісті кластерлерге біріктіру мақсатында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен ірі қаржылық-тұрақты кәсіпорындардың арасындағы байланысты күшейту;
- жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кластерге біріктіру және жаңа кәсіпорындар құру үшін тиісті кластерлерді және қажетті жағдайларды жасау;
- өңірдің ішкі және сыртқы нарықтардағы экономикалық беделін арттыру;
- кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;
- мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау, олардың негізінде өндірістер мен технологияларды дамыту;
- бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдай жасау;
- өңірді әлеуметтік дамытуға бағытталған жобаларды әзірлеу және қаржыландыру.








Аталған міндеттерді орындау үшін ӘКК-лар мынадай функцияларды атқарады:

- мемлекеттік меншік активтерінің бір бөлігін, жерді ӘКК-нің меншігіне беру бойынша билік органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- берілген мемлекеттік және жеке меншік активтерін басқару;
- ақпараттық-тұсаукесер жұмыстарын жүргізу (көрме қызметі, бизнес-конференциялар, семинарлар, консалтинг);
- өнімді халықаралық нарықтарға жылжыту;
- кәсіпорындарда жаңа өндірістік және басқару технологияларын, оның ішінде халықаралық стандарттарды (ИСО, ҚЕХС-МСФО және т.б.) енгізу;
- әлеуметтік жобаларды құру мен іске асыруға қатысу;
- инвестициялар тарту мақсатында әлеуетті шетел инвесторларымен, даму институттарымен және басқа да қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- инвестициялау үшін әлеуетті бизнес-жобалардың дерекқорын қалыптастыру;
- жеке отандық және шетелдік капиталдың қатысуымен бірлескен жобалар жасау және іске асыру;
- мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту мен қайта құрылымдау немесе

олардың негізінде жаңа өндірістер ұйымдастыру жөніндегі жобаларды әзірлеу мен іске асыру.


ӘКК-ның мемлекеттік активтермен жарақтандырылуын келесі схемадан көруге болады:



-  “Жетісу” ӘКК (Алматы обл., Алматы қ.)
-  “Солтүстік” ӘКК (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола обл., Астана)
-  “Орал” ӘКК (Батыс Қазақстан, Ақтөбе обл.)
-  “Каспий” ӘКК (Атырау, Маңғыстау обл.)
-  “Оңтүстік” ӘКК (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл обл.)
-  “Сарыарқа” ӘКК (Қарағанды обл.)
-  “Ертіс” ӘКК (Шығыс Қазақстан, Павлодар обл.)

1-сурет. Қазақстанда құрылған ӘКК-дың кескін көрінісі.

Суреттен байқағанымыздай ӘКК-ды құру кезінде аймақтардың ерекшеліктері ескерілген. Ол жекелеген аймақтардың табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуіне, халықтың қоныстануы мен қалалардың шоғырлану деңгейіне байланысты. Сондай-ақ, ӘКК-лер аймақтық ерекшеліктеріне байланысты өз ішінде клесідей кооперативтерге бөлінеді:



Бизнес пен әлеуметтік саланы үйлестірудің шетелдік тәжірибесі. Бизнес пен әлеуметті жақындастыруда АҚШ-тың тәжірибесіне көз жүгіртсек, онда Экономикалық дамудың аймақтық корпорациясы, Аймақтық дамудың сертификациялық орталығы, Экономикалық даму корпорациясы жұмыс істейді. Алайда, экономикалық дамудың мұндағы аймақтық корпорациялары бизнес-лидерлердің бастамасымен мемлекеттің үлесі тым аз деңгейде және жеке сектордың ресурстарын жұмылдыру мақсатында құрылған. Корпорация міндеті – аймақтардың экономикалық дамуына жәрдемдесу арқылы халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту.

Ал әлемдегі ет және сүт өнімдерінің ірі экспортерларының бірі Данияда мұндай кооперативтер әлеуметтік кәсіпорын (social enterprises) деп аталады. Мұндай кооперативтер ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде ғана емес, сондай-ақ, қызмет көрсету саласын қоса алғанда, басқа салалардада құрылған. Данияда мұндай кооперативтер Үкіметпен емес рыноктың қатысушыларымен құрылады, ал Үкімет олардың әрекет етуі үшін максималды қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді. (салық, мемлекеттік қолдау, сыртқы рыноктарға шығу сияқты).

Бізге белгілі, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан зайырлы, құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет. Олай болса, мемлекеттің әлеуметтік саланы белсенді түрде реттеуі мен қолдауына толық негіз бар. Оның үстіне, әлеуметтік сала рыноктық қатынастар дамымаған, әрдайым мемлекеттің қолдауына мұқтаж, алайда, қоғамдық өмірдің аса маңызды саласы болып табылады. Осы орайда елімізде құрылған ӘКК-лар мемлекет мүддесіне сай әрекет етуі тиіс. Қазіргі уақытта елдегі жалпы экономикалық өсу аясында қала және ауыл халқының тұрмыс деңгейіндегі теңсіздік күшеюде, кірістердегі өңірлік айырмашылықтар да қомақты. Ауылдық жерлерде ел халқының 43% тұрады, ресми статистика деректері бойынша оның шамамен үштен бірінің кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен де төмен.*

* ҚР-да 2007 жылы ең төменгі күнкөріс шегі 8861 теңге деп белгіленген. (автор)

Бұл жағдайды одан әрі консервациялау ел халқының тұрмыс деңгейі бойынша жіктелуін күшейтеді, қоғамдағы әлеуметтік-саяси ахуалға негативті әсерін тигізеді, адами даму көрсеткішіне және елдің инвестициялық климатына елеулі ықпал етеді. Осы проблемалар аясында ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласындағы кластерлерді дамыту ауылдық жерлердегі әлеуметтік және экономикалық жағдайды дамытуға ықпал ететін болады. Ауыл шаруашылығындағы ағымдағы төмен өнімділік пен ұйымдастыру кезінде тамақ өнеркәсібіндегі орта және шағын кәсіпорындар, шаруа қожалықтарының техникалық артта қалушылықты өздігінен еңсере алмайтындығы әрі отандық өнімді қомақты көлемде экспортқа шығаруды ұйымдастыра алмайтыны анық. Осыған байланысты шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық мүмкіндіктерін шоғырландыру техникалық жаңғырудың локомотиві ролінен көрінеді және белгілі бір өңірлік кластердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда, кәсіпкерлікті дамытудағы кедергілердің бірі өндірістік инфрақұрылымның қол жетімсіздігі, бірінші кезекте жер құны мен коммуникацияға қосылудың қиындығы болып табылады. Осы проблемелар аясында мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын активтерін, жерді өндірістік мақсаттарда ӘКК-ға беру кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді шарасы болмақ.

Қорыта келгенде, жеке сектордың белсенді қатысуынсыз республиканың әлеуметтік және экономикалық дамуы мүмкін емес. Бүгінде жеке құрылымдар өз қызметін жүзеге асыратын өңірді дамыту проблемасынан тыс қала алмайды. Бұл ретте жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілігі деп әлеуметтік жобаларға пайданы инвестициялау ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті бизнесті құру мен жүргізуді, рентабельді емес кәсіпорындар базасында жаңа өндірістер құруды, мемлекеттік меншік объектілерін тиімді пайдалануды түсінген жөн. Қазақстанның БСҰ-ға кіруі аясында олардың өнімі нарыққа импортпен бәсекеге түсе алуы үшін отандық кәсіпкерлердің белсенді шоғырлану қажеттігін түсіну қажет және бұл жағдайда мемлекеттің ӘКК-ға қатысуы отандық тауар өндірушілерді қолдаудың белгілі бір кепілі болып табылады. Өңірлік ӘКК-ларды құру нәтижесінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру, өңірлерде жұмыс орындарының санын ұлғайту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының өнімділігін арттыру, қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған отандық өнімді сату, рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындардың санын азайту, кәсіпкерлік субъектілері өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру күтіледі, бұл Қазақстанның БСҰ-ға кіруі алдында айрықша өзекті.

Әдебиеттер

1. “Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасы туралы” ҚР Үкіметінің №483 Қаулысы. 31 мамыр 2006 ж. Астана
2. “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” ҚР Президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. Ақиқат №4 2007 ж 29-30 бб.
3. Эксперт Казахстан №35 2006 ж 15 б.
4. Эксперт Казахстан №46 2006 ж 36 б.